

Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық аграрлық зерттеулер орталығының ғылыми ұйымдары мен тәжірибе шаруашылықтары желілерін жетілдіру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 31 қазан N 1322

Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық аграрлық зерттеулер орталығының ғылыми ұйымдары мен тәжірибе шаруашылықтары желілерін жетілдіру және агроөнеркәсіп кешені дамуының басымдығына сәйкес олардың қызметінің бағыттарын нақтылау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының:

"Қазақ ауылшармеханикаландыру" ғылыми-өндірістік бірлестігіне және Қазақ су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының Алматы кешенді бөліміне, ал осы институттың Павлодардағы радиоизотоп лабораториясын - Павлодар ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтына перспективалық тақырыптарымен, негізгі құралдарымен, приборлары және жабдықтарымен Қазақтың агроөнеркәсіп кешеніндегі еңбекті қорғау және экология ғылыми-зерттеу институтын;

Атырау ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтына перспективалық тақырыптарымен, приборлары және жабдықтарымен, ал қалған негізгі құралдарын - коммуналдық меншікке бере отырып Маңғыстау облыстық мемлекеттік ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясын;

Арал өңірі ауыл шаруашылығы және агроэкология ғылыми-зерттеу институтына перспективалық тақырыптарымен, негізгі құралдарымен приборлары және жабдықтарымен бере отырып Қызылқұм орман тәжірибе станциясын;

Қазақ мал дәрігерлік ғылыми-зерттеу институтының Ақмола мал дәрігерлік ғылыми-зерттеу станциясына перспективалық тақырыптарымен, негізгі құралдарымен, приборлары және жабдықтарымен бере отырып Қазақ мал дәрігерлік ғылыми-зерттеу институтының Қазақ құс аурулары жөніндегі лабораториясын;

Қазақ агроөнеркәсіп экономикасы және ұйымдастыру ғылыми-зерттеу институтына перспективалық тақырыптарымен, негізгі құралдары және жабдықтарымен бере отырып Қазақ ауыл шаруашылық ғылым академиясының Есептеу орталығын тарату жөніндегі;

Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының Солтүстік Қазақстан бөлімшесін осы институттың тірек пункті етіп;

Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының Арал балық шаруашылығы кешенді лабораториясын осы институттың Арал бөлімшесі етіп;

"Қазақстан ауыл шаруашылығының ғылыми жаршысы" журналын "Бастау" ғылыми-баспа орталығы етіп жаңарту жолымен қайта құру жөніндегі ұсынысы

қабылдансын.

Аталған ғылыми ұйымдар мен тәжірибе шаруашылықтарын қайта құру Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық аграрлық зерттеулер орталығына белгіленген бюджет қаражаты шегінде жүргізілсін.

Ұлттық академиялық аграрлық зерттеулер орталығы аталған ғылыми ұйымдарды тарату және қайта құру жөніндегі жұмыстарды қолданылып жүрген заңдарға сәйкес ұйымдастырсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті және Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті:

Ақтөбе жөмшөп және жайылым тәжірибе станциясын;

В.Р. Вильямс атындағы Қазақ егіншілік ғылыми-зерттеу институтының Ақсу тәжірибе шаруашылығын;

"Алмалы" ғылыми өндірістік бірлестігінің Балқаш тәжірибе алаңын;

Қазақ қаракөл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының "Сүткент" мемлекеттік асыл тұқымды заводуын;

Арал өңірі ауыл шаруашылығы және агроэкология ғылыми-зерттеу институтының бақша дақылдары мен картоп жөніндегі Қызылорда тәжірибе шаруашылығын;

Атырау ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының тәжірибе шаруашылығын;

"Алмалы" ғылыми-өндірістік бірлестігінің Мичурин атындағы кеңшарын мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру жөніндегі мәселені қарайтын болсын.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық аграрлық зерттеулер орталығы өз құзырлары шегінде, қажет болған жағдайда жергілікті атқару органдарының қатысуымен екі ай мерзім ішінде аталған ғылыми ұйымдар мен тәжірибе шаруашылықтарын тарату, қайта құру және беру жөніндегі шараларды белгіленген тәртіппен жүргізісін.

4. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым

академиясы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесе отырып осы қаулыдан туындайтын өзгертулерге байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне өзгертулер енгізу және күшін жойған деп тану туралы ұсыныстарды үш ай мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізетін болсын.

5. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК